

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу комитетін құру туралы және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 300 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылсын.

2. Комитет мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып белгіленсін.

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті.» ;

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері» деген 2-бөлімде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің миссиясы:

бюджетті атқару, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында, мемлекеттік сатып алу саласында, республикалық мүлікті басқару аясында басшылық ету және салааралық үйлестіру; банкроттық (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру саласында мемлекеттік реттеу.» ;

16 - тармақта :

орталық аппараттың функцияларында :

45), 47) және 48) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын :

«45) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасында көзделген мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің деректер базасына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, жинақтау және талдау тәртібін айқындау;»;

47) мемлекеттік сатып алудың веб-порталы жұмысының техникалық істен шығуы туындаған жағдайда, мемлекеттік сатып алудың веб-порталы жұмысының тәртібін белгілеу ;

48) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану тәртібін белгілеу;»;

ведомстволарының функцияларына :

118) тармақша мынадай редакцияда жазылсын :

« 1 1 8) м ы н а :

бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған соманы бюджетке өтеуді қамтамасыз ету мақсатында ;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы ;

міндеттемелерді толық көлемде және тиісінше түрде орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберу;»;

мынадай мазмұндағы 235-1), 235-2) және 235-3) тармақшалармен толықтырылсын :

«235-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;

235-2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабына сәйкес :

тапсырыс беруші электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырманы қарау ;

тапсырыс беруші ұсынған тапсырма негізінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы әзірлеу және бекіту ;

тапсырыс берушінің өкілі кіретін конкурстық не аукциондық комиссияның құрамын белгілеу және бекіту ;

конкурстық немесе аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе)

т о л ы қ т ы р у л а р

е н г і з у ;

мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;
мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы және (немесе) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың техникалық ерекшелігін алған адамдарды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген, мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген адамдар тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді тапсырыс берушіге жіберу;
конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу жеңімпазын анықтау;
235-3) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру;».

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов